

## БӨЛІМ: АҒЫЛШЫН ТІЛІ

## Шет тілін оқытуда кейс әдісін пайдалану

ЖАРИЯЛАНДЫ  
03.06.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/155338/

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс. Біз кәсіптік және техникалық білімберудің мазмұнын толық жаңартпақ ниеттеміз», депатап көрсеткені баршаға мәлім.

Қазіргі кезде білім саласында еңбек етіп жүргенұстаздар білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында түрлі белсенді әдістерді қолдануда. Соның бірі – кейс әдісі.

Кейс әдісі (ағылшын тілінен кейс – кейс, жағдай, оқиға) 20 ғасырдың басында Гарвард университетінде заңгерлер мен менеджерлерді дайындаудың проблемалық әдістерінің бірі ретінде студенттер құқықтық немесе іскерлік тәжірибедегі жағдайларды белсенді түрде талқылаған кезде пайда болды. Гарвард бизнес мектебінің кейстерінің алғашқы жинағы 1921 жылы жарық көрді және американдық кейс мектебінің негізін қалады. Бұл әдіске арнайы дайындалған оқу материалдары және осы материалдарды оқу процесінде пайдаланудың арнайы технологиясы кіреді.

Кейстік әдістің үлкен мүмкіндіктері мен білім беру мақсаттары бар. Олар төмендегідей жіктеледі:

1. Жаңа білімді сіңіру;
2. Білім алушының өзіндік сыни жәнестратегиялық ойлауын қалыптастыру, тыңдауғамашықтану, жанжақты көзқарастармен қатар өзойын дәлел арқылы жеткізу;
3. Сананы дамыта отырып, қабылданған шешімгежауапкершілікпен қарау, сөйлеусуді үйрену;
4. Іс-әрекет дағдыларын дамыту және оны іскеасыру;
5. Топта жұмыс істеу;
6. «Кейстерді», пайдаланатын көптеген оқулықтарәр-түрлі мәселелерді, адамдарды, әлеуметтіктоптарды, әлеуметтік институттарды, ұлттардың, санқилы жағдаяттарды сипаттайды.

Төменде шет тілін оқитын оқушыларғаарналған «Кейс» әдісін пайдалануға арналғанмысалды көреміз. Мәселе: сіз футбол ойынынабилет сататын менеджерсіз,

футбол ойыны – сенбіде, бірақ бүгін —жұма, көп шығынға ұшырамау үшін қандай шешім қабылдайсыз? Тапсырма:

1. Мүмкін болатын шешімдерді табу;
2. Футбол ойынын болдырмау;
3. Билет құнын төмендету;
4. Көрермендер арасында лотерея ұйымдастыру;
5. Ойынды кішірек алаңға ауыстыру;
6. Басқа шешім табу.

Оқытушы аталмыш «кейсте» белгіленген лексикалық, морфологиялық, грамматикалық мәселелерді анықтауы керек. Футболмен байланысты лексиканы қайталау (footballer, football fans etc), қаржы және заңға қатысты жаңасөздермен танысу (budget, expenses, profit, to incur costs, to suffer losses, price list, to commit a breach, to cancel agreement, to impose penalty etc) сияқты мақсаттар көзделеді. Аталмыш мәселеде оқушылар өз ойларынша нақты да дұрыс шешім қабылдауы керек. Әр қабылданған шешім сан қилы болуы мүмкін, дұрыс қабылданбаған шешім сынғатартылмайды, дұрыс емес деп табылмайды. Студенттердің шығармашылығы мен тапқырлығына есептеледі, берілген «кейс» арқылы оқушылар бір–бірімен пікір алмасып, ұжымда бірге жұмыс жасауға үйренеді.

Тәжірибе көрсеткендей, Case Study әдісі оқушыларға жағымды әсер етеді. Қорытындылай келе, шет тілі сабақтарында Case-студий әдісі арқылы оқушылардың шет тілінде шығармашылық шешім қабылдау, талқылау, оқу, ақпараттарды өңдеу, аналитикалық ойлау, ұжымда бірігіп жұмыс істеу қабілеттерінің өсуін байқай аламыз.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.